

Байғанин аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 292 "2020-2022 жылдарға арналған Көлтабан ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2020 жылғы 3 сәуірдегі № 322 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 8 сәуірде № 6992 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексінің 109-1 бабының 4 тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 292 "2020-2022 жылдарға арналған Көлтабан ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6691 болып тіркелген, 2020 жылғы 20 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешіміне төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

2) тармақшасында:

шығындар - "55 812" сандары "56 259,0" сандарымен ауыстырылсын;

5) тармақшасында:

бюджет тапшылығы (профициті) - "0" саны "- 447,0" сандарымен ауыстырылсын;

6) тармақшасында:

бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - "0" саны "447,0" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімдегі қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

3. "Байғанин аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Байғанин аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Байғанин аудандық мәслихатының
2020 жылғы 3 сәуірдегі № 322
шешіміне қосымша
Байғанин аудандық мәслихатының
2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 292
шешіміне 1 қосымша

2020 жылға арналған Көлтабан ауылдық округінің бюджеті

| Санаты | | | | Сомасы (мың теңге) |
|--------|--------|-------------|--|--------------------|
| | Сыныбы | | Атауы | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| | | | I. КІРІСТЕР | 55 812,0 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 3 344,0 |
| | 01 | | Табыс салығы | 800,0 |
| | | 2 | Жеке табыс салығы | 800,0 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 2 544,0 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 49,0 |
| | | 3 | Жер салығы | 245,0 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 2 250,0 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 52 468,0 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 52 468,0 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 52 468,0 |

| Функционалдық топ | | | | Сомасы (мың теңге) |
|-------------------|--------------|-------------------------------------|--------------|--------------------|
| | Кіші функция | | Атауы | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | |
| | | | II. ШЫҒЫНДАР | 56 259,0 |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|--|----------|
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 21 866,7 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 21 866,7 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 21 866,7 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 21 617,0 |
| | | | 022 | Мемлекеттік органның күрделі шығыстары | 249,7 |
| 04 | | | | Білім беру | 27 937,0 |
| | 1 | | | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту | 27 937,0 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 27 937,0 |
| | | | 041 | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға | 27 937,0 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|----|---|-----|-----|---|---------|
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 3 912,0 |
| | 3 | | | Елді-мекендерді көркейту | 3 912,0 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 3 912,0 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 1 718,0 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 560,0 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 1 775,0 |
| 13 | | | | Басқалар | 2 400,0 |
| | 9 | | | Басқалар | 2 400,0 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 2 400,0 |
| | | | 040 | Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыруға ауылдық елді мекендерді жайластыруды шешуге арналған іс-шараларды іске асыру | 2 400,0 |
| 15 | | | | Трансферттер | 2,3 |

| | | | | | |
|--|---|-----|-----|---|--------|
| | 1 | | | Трансферттер | 2,3 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 2,3 |
| | | | 048 | Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару | 2,3 |
| | | | | III. ТАЗА БЮДЖЕТТІК КРЕДИТ БЕРУ | 0,0 |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 0,0 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | -447,0 |
| | | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 447,0 |

| Санаты | | | | Сомасы (мың теңге) |
|--------|--------|-------------|---|--------------------|
| | Сыныбы | | Атауы | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| 8 | | | Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары | 447,0 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 447,0 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 447,0 |